

Тағзым

АСЫЛ БЕЙНЕҢ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН

Қып-қысқа ғұмыр, озар да
тозар,
Қалатын мәңгі есімің болар.
Бір ғана іс бар құзырың
жүрер,
Қалдырсаң жақсы ат,
ұрпағың білер,- деп Жүсіп Ба-
ласағұн жырлағандай, Нұраның
топырағында туып, халқы үшін
еңбек сіңірген абзал азаматта-
рымыз көптеп саналады. Осын-
дай аймаңдай асылдарымыз-
дың бірі, саналы ғұмырын ұрпақ
тәрбиесіне арнаған азамат,
ақын жерлесіміз Зейнолла Игі-
лікұлы. Зекең тірі болғанда 71
жасқа толады екен. Биыл бақи-
лық болғанына да 20 жыл то-
лыпты.

Туған жері мен елінің бодау-
ына өзінің жастық ғұмырын
құрбан еткен ардақты ағаны
еске алу үшін жақында аудан ор-
талығындағы Ақсу-Аюлы мей-
рамханасында марқұмның
жұбайы Рымкеш пен балалары,
туған-туыстары еске алып, ас
берді.

Елін, халқын құрметтеген
елміз ғой. Біреудің жақсы ісін,
азаматтығын айту парызымыз.
Зекеңнің ұлағатты ісін кейінгі
ұрпаққа таныстыру, үлгі етіп
қалдыру мақсатында еске алу
кешінде көптеген жақсы сездер,
өмірдің ащысы мен тұщысын
бірге тартқан жора-жолдастары,
көз көргендер марқұм жайында
естеліктерін айтып отырды.

Зобалан, жылдардың тауқы-
метінен жазықсыз жапа шеккен
Зейнолла ағаның лагерде жүріп
жазған жыр -өлеңдері, артында
қалдырған өсиет сөздері өте
көп-ақ. Ардақты ағаның қалам-
нан туған бір топ өлеңдері мен
естеліктері жақында "Еркіндіктің
жүрегімде бейнесі" атты кітап
болып жарыққа шықты.

Осы еске алу жиынында Бо-
лашақ колледжінің 2-ші курс
студенті Амангелдин Берікбол
Дәулетұлы ақын ағаға арнаған
өзінің арнау өлеңін оқып берді.

Ақын аға тия алмай ел
нәпсісін,
Халқың үшін кетті -ау сенің
жас күшің.
Бірақ соның кере алмадың
қызығын.
Елің үшін туған кезде жақсы
күн.
Бірақ бірақ ақын аға өкінбе,



Өтті деме текке менің өмірім.
Қалды жырың ақ қағаздың
бетінде,
Асыл бейнең, қалды таза
кеңілің.
Қиындықты көрсең тағы
түрмеден,
Ақын аға үмітінді үзбеп ең.
Жалын атқан жырларына
таңданып,
Табынамын ақ, ниетпен сізге
мен.
Сол үмітің аға бүгін ақталды,
Керді елің, сен аңсаған ақ
таңды.
Асыл бейнен, азаттықты
аңсаған,
Әрбір жанның жүрегінде
сақтаулы.
Атты міне сол аңсаған
таңыңыз,
Қайта қайнап, қазақдеген
қанымыз.
Жатқан жерің жайлы болсын
— Жан аға-, -
Рахат тапсын пейіште боп
жаныңыз.
Еске алу кешінде Зейнолла
ағаның достары, ауыл ақсақал-
дары аға ісін жалғастырушы
ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай
өмір жолдарын әңгімелеп, бар-
лық саналы ғұмырын еліміздің
жарқын болашағы жолына арна-
ған ардақты ағамыздың есімін
ұрпақ жадында сақтау мақса-
тында аудан орталығындағы бір
кешеге есімі берілсе деген
көпшіліктің тілегі де жұртшы-
лық көңілінен шығып жатты.

Ш. ӘБДИЕВА.